

**Бахтыбаев Мэлс Маратұлының «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Қазақстандағы қызметі» тақырыбындағы 6D020800 – Археология және этнология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы жөнінде отандық ғылыми кеңесші, т.ғ.д., профессор Елеуов Мадиярдың**

## **ПІКІРІ**

Диссертация тақырыбы отандық археология тарихының өзекті мәселесіне арналған. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі Қазақстан өңірлерінде жүргізген ізденіс жұмыстарының нәтижелерін жан-жақты қарастырып, сараптай отырып зерттеу қазіргі таңда маңызды болып табылады. Үйірме мүшелерінің еңбектері осы өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштерінің зерттелу тарихы жайлы ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басынан жеткен бірден-бір дерек көзі екенін ескере және үйірме атқарған ізденістерін тұтас қарастып зерттеу маңызды тақырыптардың бірі болғандықтан, М.М. Бахтыбаевқа ғылыми зерттеу нысаны ретінде тапсырылған болатын.

Орындалған жұмыстың басты құндылығы – тақырып бойынша ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, ҚР Ұлттық кітапханасы, ӨР Ә. Навои атындағы Ұлттық кітапханасы, ӨР ҒА Фундаментальды ғылыми кітапханасы, ӨР Орталық мемлекеттік мұрағаты, Ресей мемлекеттік кітапханасы қорларынан деректерді іздестіріп, іріктеп алғаш рет топтастырып, сұрыптаудан өткізді. Соның нәтижесінде үйірменің Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде атқарған ізденіс жұмыстарын сараптай отырып, нақты тұжырымдар жасады.

Диссертант жұмыстың мақсатын және міндеттерін нақты белгілеп, тақырыптын мәнін ашты. Диссертант диссертацияның ғылыми жаңалықтарын да дұрыс аша алған. Онда бұрын отандық археологтар тарапынан объективті баға ала қоймаған бірқатар тарихи деректер тұңғыш рет айналымға түскен.

Диссертант үйірме мүшелері Жетісу мен Сырдария облыстарында, оның ішінде қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша Қазақстанға қарасты жерлерде жүргізген зерттеулерін талдап, олар ашқан археологиялық ескерткіштердің санын, түрін және зерттеу жұмыстарының бағыттарын анықтап көрсетті.

Мұрағаттағы материалдарды талдау барысында тағы бір атқарылған үлкен жұмыс үйірменің құрылу тарихына байланысты деректерді саралап, үйірмені алғашқыда мемлекеттік Императорлық археологиялық қоғамының бөлімі ретінде ашу жоспарланғанын анықтаған.

Үйірме хаттамаларында басылып шыққан материалдар негізінде үйірме мүшелерінің Жетісу мен Сырдария облыстарында атқарған ізденіс жұмыстарын жеке-жеке уезд бойынша қарастырды. Сонымен бірге, үйірме хаттамаларында басылып шыққан 279 мақала мен баяндамаларының 116-і Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштеріне арналғандығын анықтады. Осы мақалалардың басым бөлігінің атауы белгілі болғанымен, әдебиеті көпшілікке белгісіз болды, Мэлс Маратұлы осы мақалаларды кітапханалардан іздестіріп тауып ғылыми айналымға енгізді, бұл диссертанттың қосқан үлесі деп айтамын.

Диссертант үлестерінің бірі үйірменің Қазақстандағы қызметін және үйірменің құрылып, ғылыми ұйым ретінде қалыптасуындағы В.В. Бартольдтің қосқан үлесін ашып көрсетті.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің құрылуының алғышарттарына талдау жасап, оған әсер еткен тарихи факторларды қарастырып көрсете белді. Сонымен қатар, Түркістан үйірмесі құрылғанға дейінгі Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде атқарылған ізденіс жұмыстарының нәтижелерінде зерделеген.

Үйірме мүшелері 1895-1917 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде жүргізген ізденіс жұмыстары барысында жалпы саны - 324 жаңа археологиялық ескерткіш, оның 51 - Н.Н. Пантусов, 118 - В.А. Каллаур, 22 - И.В. Аничков, 2 - В.П. Панков, 1 - В.Ф. Ошанин, 2 - И.А. Кастанье, 43 - В.П. Лаврентьев, 1 - Н.П. Остроумов, 2 - К.Д. Баронин, 14 - С.Т. Смирнов, 11 - Н. Руднев, 1 - П.А. Комаров, 3 - В.П. Колосовский, 24 - А.А. Черкасов, 2 - Н.С. Лыкошин, 11 - Н.В. Ковалев, 5 - А.И. Симонов және М.А. Кирхгоф 11 ескерткіш ашқандығын анықтап, жеке-жеке уездер бойынша қанша ескерткіштер ашқандығын нақты атап көрсетті. Сонымен бірге, үйірме атқарған ізденіс жұмыстарының бағыттарын көрсете білді, олар: ескерткіштерді іздестіріп, сипаттап жазу, қазба жұмыстарын жүргізу, көне керуен жолында орналасқан ескерткіштерді жазба деректерінде кездесетін қалалармен баламалау, музей ісі және ескерткіштерді қорғау мәселелері.

Кеңес дәуірінде Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде орналасқан ескерткіштер жаңа әдістер негізінде зерттеліп, осы өңірдің қала мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы, «ескерткіштерді баламалау мәселесі» жаңа деректермен толықтырылып, зерттелген болатын. Диссертант «ескерткіштерді баламалау мәселесі» бойынша Г.И. Пацевич, Е.И. Агеева, К.А. Акишев, Л.Б. Ерзакович, К.М. Байпаков, М.Е. Елеуов, М.Б. Қожа, Б.А. Байтанаев, М.У. Турадилов және т.б. ғалымдардың тұжырымдамаларын қарастырып, талдауы жұмысты жазуда арқау болды.

Зерттеу жұмыс талабына сай, әрі тақырыптың мазмұнын ашу мақсатында құрылған жоспар үйлесімді, жұмыс кіріспеден, 3 тараудан және қорытынды, әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Қорыта айтқанда, Бахтыбаев М.М. өзінің диссертациялық еңбегінде алдына қойылған ғылыми міндеттерін толық жүзеге асырып, зерттеу жұмысының мазмұны негізгі талаптарға толықтай сәйкес. Диссертанттың теориялық дайындығының терең екендігін, ғылыми зерттеу әдістемелерін толық игеріп, өздігіменен күрделі мәселелерді шеше алатын қабілетін көрсете білді.

Сондықтан да, Бахтыбаев Мәліс Маратұлының «Археология әуесқойлары Түркістайя үйірмесінің Қазақстандағы қызметі» тақырыбында дайындаған диссертациясы толығымен аяқталған бірегей еңбек деп санаймын.

әл-Фараби атындағы ҚҰУ тарих факультеті, археология және этнология кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы



М. Елеуов

20.01.2023ж.